

Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 12 қаулысы. Қостанай облысы Федоров ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 16 ақпанда № 9-20-208 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 14 наурыздағы № 68 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 14.03.2016 № 68 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабы 5-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 31-бабы 1) тармақшасына сәйкес Федоров ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Федоров ауданы бойынша жұмыс орындарының жалпы санының үш проценті мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін.
2. "Федоров аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі квотаға сәйкес мүгедектердің жұмыс орындарына жұмысқа орналасуы үшін жолдауды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Ахметов